

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күздіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

FTAMP 17.01.11

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.10>

А.Б. АБДУЛЛИНА¹ 

***О.Қ. СҰЛТАНҒАЛИЕВА²** 

Ж.А СЕЙСЕМБАЕВА³ 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан¹

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан²

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан³

(e-mail: anar.abdullina@rambler.ru¹, Sultangalieva_74@mail.ru², janka-1980@mail.ru³)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ПОЭТИКАСЫ МЕН СИМВОЛИКАСЫ

Аңдатпа. Мақала қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің көркем бейнеленуін талдауға бағытталған. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы тақырыптық арнасының кеңдігімен, жаңа көркемдік талаптардың молдығымен ерекшеленеді. Зерттеу мақаланың мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасын, символикасын талдау. Аталған мақсатта қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері шығармалары талданып, ондағы символдар жүйесі сараланды. Зерттеу барысында тарихи жад, ұлттық сана, елдік идея тақырыптары поэзиядағы көріністері ұлттық мінезді айқындай түсетін эстетикалық әрі көркемдік табиғатын аша түсетін феномен мағынасында қарастырылды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез – тарихи жадта сақталған оқиғалардың ғана емес, ғасырлар бойы халықтың еркіндікке ұмтылған болмысының көрінісі. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көріністерін айқындауда интерпретациялық, құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Ұлттық поэзиядағы мінез тақырыбын арнайылап қарастыру символдық, поэтикалық категорияларын жүйелеуге, қазіргі қазақ прозасының даму тенденциясын айқындайды. Осыған сәйкес қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез тарихи жад, еркіндік, елдік тақырыптардың жүйесінде қарастырылып отыр.

Зерттеудің маңыздылығы қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің тарихилықпен байланысын, посткеңестік дәуірдегі қайта сараптауды айқындайды. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көріністерін феномендік сипатында саралауға, оның қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік, эстетикалық қырынан тануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ұлттық мінез, поэтика, символика, лирика, тарихи жад, қазіргі қазақ поэзиясы.

Кіріспе. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті – ұлттық болмыс пен рухани жаңғырудың көрінісі. Аталған дәуірде поэзияның көркемдік, тақырыптық-мазмұндық арнасы кеңейіп, ұлт тағдыры, тарихи жад қайта сараланды. Тәуелсіздік кезеңіндегі поэзияда ұлттық мінез

айрықша мәнге ие болып, халықтың тектілік, еркіндікке ұмтылған қайсар рухы, елдік идея сынды ұғымдар жаңаша мазмұнға ие болды.

Қазақ әдебиетінде ұлттық құндылықтар көрінісінің берілуі тәуелсіздік кезеңінен кейін жандана бастады. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтар көрінісі салт пен дәстүр, әдет пен ғұрып, ырым, тыйым, наным-сенім ғана емес, қазақы таным, менталитет, ұлттық мінез деп анықталады [1, 127]. Әдебиеттанушы ғалым А.Шәріп ұлттық мінез жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Ұлттық мінезді поэзиялық шығармалардың жалпы пафосынан немесе рухынан, сондай-ақ ақындық «мен», лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға, лирикалық қаһарман бейнелерінің бітімінен анықтап-айғақтауға болады» [2, 28]. Осы тұрғыда «алтынкөпірліктер» деп аталатын ақындар шоғыры – тәуелсіздік кезеңінде ұлттық поэзияға жаңа мазмұн алып келген буын ретінде ерекшеленеді. Аталған ақындар поэзиясында ұлттық мінез көк түркілік рух, еркіндік, елдік сана, тарихи жад сынды ұғымдармен астасып жатыр. Бұл жөнінде: «...Алтынкөпірліктер – Қазақстанның тәуелсіздік алар тұсында, XX ғасырдың 90-жылдары пайда болып, тәуелсіздік алғаннан кейін де поэзияға үлес қосып келе жатқан топ. Бұл әдеби топтың басты ерекшелігі – еркіндік пен бостандықты жырлау және ұлттық әдеби символдарды қайта жаңғырту» [3, 13]. Осылайша қазақ поэзиясында деколонизация және постколониалды кезеңді байланыстырушы «алтынкөпірліктер» шығармаларын талдау, сонымен бірге «ұлттық мінез» ұғымын қарастыру зерттеудің жаңашылдығын көрсетеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – ұлттық мінез ұғымының қазақ поэзиясында психологиялық сипатында емес, рухани-мәдени феномен, ұлттық сананың көркем көрінісі ретінде танылуында. Тәуелсіздік дәуірі поэзиясындағы ұлттық мінез табиғатын талдау – қазақ әдебиеттануы үшін маңызды бағыттардың бірі. Зерттеу барысында алтынкөпірліктер поэзиясындағы ұлттық мінез көріністерін анықтауды, көркемдік әрі эстетикалық табиғатын зерделеуді мақсат етеді. Мақалада ақындар туындыларындағы тарихи жад, ұлттық сана, елдік идея тақырыптары жан-жақты талданып, қарастырылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада посткеңестік кезеңдегі ақындар шығармашылығы қазіргі әдебиеттануда кеңінен қолданылатын кешенді ғылыми әдістер негізінде қарастырылған. Атап айтқанда, талдау, жинақтау, тарихи-типологиялық, салыстырмалы әдістер пайдаланылды. Аталған әдістер Е.Раушанов, Т.Медетбек, Ә.Балқыбек, М.Райымбекұлы, Б.Бабажанұлы поэзиясындағы ұлттық рух, еркіндік, тектілік тәрізді ұғымдардың сипаттарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысы негізінде ұлттық мінезді анықтауда интерпретациялық талдау, көркем мәтін құрылымындағы символдарды зерделеуде құрылымдық-семантикалық талдау басшылыққа алынды.

Зерттеу материалы ретінде посткеңестік дәуірдің өкілі Е.Раушанов, «алтынкөпірліктер» деп аталатын әдеби топтың белгілі мүшелері: Т.Медетбек, Ә.Балқыбек, М.Райымбекұлы, Б.Бауыржанұлы шығармашылығы қарастырылып отыр.

Зерттеуші Ж.Әскербекқызы ақынды «өлеңнің қара бауыр қасқалдағы» деп сипаттап, оның поэзиясындағы мінез бен поэтикалық қуатты алдыңғы орынға қояды. Ғалымның пікірінше, ақын өлеңінде баяндаудан гөрі астарлы бейнелеуге ден қояды, сол арқылы ұлттық тарих пен қоғамдық болмысты терең сезіммен жеткізеді. Сонымен бірге зерттеуші ақынның «Ымырт», «Тас балбал», «Сатқын» секілді прозалық лирикалық туындыларындағы мифопоэтикалық сана, көк түркілік рух, тарихи жад мәселелерін айрықша атап өтеді [4, 181]. Зерттеуші ақын шығармашылығындағы түркілік сарын жайлы мынадай пікірде: «XX ғасырдың басындағы алмағайып заман, жаңа орнаған қоғамның ұлттық рухани құндылықтарды мансұқтау саясаты қаншалықты қасірет әкелгені тарихтан белгілі. Ақын ескі мен жаңаның қарама-қайшылықтарынан тас балбалға деген көзқарас арқылы көрсете отырып, қалай болған күнде де бұл тастың біздің тарихымызға тікелей қатысты екенін риторикалық сауал тастау арқылы ескертіп өтеді» [4, 183].

Ұлттық мінезді арнайылап қарастыру барысында тарихи жад, халықтық таным ұғымдарын зерделеу маңызды. Поэзияда тарихи жад символдармен көрініс табады.

Бұл ретте Е.Раушанов, Т.Медетбек, Ө.Балқыбек, М.Райымбек туындыларында еркіндік, тектілік тақырыптарын, сонымен бірге халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды беруде символдарды ұтымды әрі нақты бергенін көреміз. Осы негізде аталған ақындар поэзиясындағы ұлттық мінез көріністерін поэтикалық тұрғыда зерттеу мақаланың нысаны ретінде алынды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ әдебиетінде Есенғали Раушанов – ұлттық поэзияда өзіндік қолтанбасын қалыптастырған, рухани-мәдени кеңістігімізден берік орын алған ақын. Оның шығармаларында өткенді тәрк етудің зардабы, ұлттық рухани тамырдан қол үзбеудің маңызы көркем символдар арқылы берілген.

Мәселен, «Батырдың соңғы сөзі» өлеңінде қазақ батырының болмыс-бітімі, ел мен жер үшін күрескен ерлерге тән қайсар рух көркем бейнеленеді. Ақын әсіресе батырдың ел жадындағы мәңгілік орнына мән береді:

Қатар ұста қайсарлық пен төзімді,
Кім кешірер шынтуайтқа ер езін?
Құлпытасқа жазба ештеңе,
Өзімді
Жүрегіне жазған елдің мен – Өзім! [5, 58], - дейді.

Сол сияқты «Біздің шалдардың өлеңі» шығармасында тарихи жадының, елдік рухтың бастауы болған көнекөз қариялар тұлғасын алға шығарады. Бұл өлеңде ақын батырлықтың көмескіленіп, оның орнына әкімдіктің, билікке ұмтылудың алға шыққанын аңғарғысыздықпен жеткізеді:

Батырлық қайда, батырлық,
О, қалай ұйықтап жатпақ ұл,
Ақындық қалып, әкімдік
Төбеге шыққан шақта бұл?! [5, 77], - дейді.

«Адыраспан» өлеңінде ақын халық тұрмысындағы киелі ұғымдар мен табиғаттағы символдық құбылыстарды байланыстыра отырып, адыраспанның көшпелі халық өміріндегі орнын ерекше сезіммен суреттейді.

Қасиет пенен көктемнің
Мекенін сен боп білдірсем;
Далада өсіп-көктеудің
Не екенін сен боп білдірсем,
Адыраспаным – жан анам! [5, 80].

Ал «Маңқыстау ескерткіштері» туындысында ұлттық мінездің бір қыры болып табылатын кісілік, ұстамдылық, көркемдік сияқты асыл қасиеттерді жырға қосады. Өзге мәдениетке телміру, сыртқыға қызығу секілді құбылыстарды ақын жас балалық аңғалдыққа балай отырып, рухани сабақтастықтың мәнін алға тартады.

Жаттың ойын желкен ғып,
Қаншама рет өртендік.
Маңқыстаудың ойында
Қарайды бізге мүсіркеп

Мықтылық пенен көркемдік [5, 81] – деп, Е.Раушановтың «Биылғы қыс», «Өліара» өлеңдері Желтоқсан оқиғасының тарихи-әлеуметтік үнін жеткізеді. Мұнда суық қыс бейнесі еркіндікке қол созған жастарға жасалған қиянатпен астасып көрінеді. Ал «Бозаңға біткен боз жусан» өлеңінде қазақ дүниетанымындағы «боз» түсінің семантикасы, жусан арқылы берілген философия терең ашылады.

Бозаңға біткен боз жусан,
Боқыраудың күні болғанда,
Бозарып барып солар ма,
Мен бозаңды құшып көз жұмсам,

Қара жер қойның толар ма?! [5, 168] – деп «боз» түсін ұтымды қолданып, ұлттық танымның көрінісі ретінде береді. Ж.Айтмұхамбет Е.Раушановтың сөздерді поэтикалық қуатпен авторлық дүние бейнесін ұтымды суреттейтініне назар аударады [6, 121].

Осылайша ақын шығармашылығында сөздер поэтикалық қуатқа ие болып, сөз құдіретін таныта түседі.

Ақынның ірі туындыларының бірі – «Сарыөзен» поэмасы. Мұнда еркіндікке ұмтылған халық рухының, ұлттық мінездің айқын белгілері көрінеді. Патшалық саясаттың дін, тіл, ділге жасалған қысымы арқылы ақын ұлт болмысының өзегін құрайтын рухани құндылықтардың маңызын алға шығарады. «Достық Ділден туады» деген ойы арқылы қазақ мінезіндегі кісілікке, шынайылыққа негізделген адамгершілік өлшемін айқындайды.

Бірі мендей күтеді теңдік таңын,
Бірі жайпап келеді жер ғып бәрін.
Діннен, Тілден тумайды Достық деген,
Достық Ділден туады – енді ұққаным [4, 296], – деу арқылы ұлттың негізінде дін, тіл, діл жатқанын көрсетеді.

Осылайша, Есенғали Раушанов поэзиясында ұлттық мінез ең алдымен еркіндікке ұмтылған қайсар рух, тарихи жадыны қастерлеу, моральдық биікті сақтай білу сияқты қасиеттермен айқындалады. Ақын шығармаларындағы ұлттық дүниетаным көк түркілік рухпен астасып, заманауи поэзия кеңістігінде жаңа сипатқа ие болады.

Т.Медетбек «Алтынкөпірліктер» деп атаған әдеби топтың өкілі ретінде Бауыржан Бабажанұлы ерекше дараланады. Ақынның «Сөз» өлеңіндегі негізгі идея – сөздің адамзат тарихындағы бастапқы да, соңғы да құбылыс екендігі, яғни сөздің рухани әлеміміздегі орнының айрықша маңыздылығы. Ақын үшін «сөз» – аманат пен уәденің, рухани жауапкершіліктің өлшемі. Сондықтан ол ата-бабадан жеткен сөз мұрасының алдында өзінің де жауапты екендігін сезінеді. Ол мына жолдардан айқын көрінеді:

Мақсат басқа, өзге арман,
Болмысым да... көнерді...
...Атамыздан сөз қалған,
Не қалдырам мен енді? [7, 7], – дейді.

«Ғасыр басындағы көңіл-күй» өлеңінде ақын ХХІ ғасыр табалдырығында тұрған халықтың болашағына алаңдауын білдіреді. Махамбет тағдырына сілтеме жасай отырып, ерлік рухының бағаланбауы, әділет үшін күрескен тұлғалардың зұлымдыққа тап болуы – ұлт жадына мәңгі жазылған трагедия екендігін көрсетеді. Ақын үшін Махамбет – ұлттық мінездің, қайсар рухтың символы.

Жапырақтар құшар кезде ажалын,
Қабағына мұң ілінер күздің де.
Үш жүз болып тайталасқан қазағым,

Енді тағы бөлінер ме жүз дінге? [7, 21] – деп ел болашағына алаңдаушылық білдіреді.

«Бүгінгінің ақыны» шығармасында ол қазіргі кезең ақынының миссиясын айқындайды: ақын атақ үшін емес, халық жүгін арқалауға тиіс. Тарихты еске салу, ұлттық сананы серпілту – шығармашылықтың басты өзегі ретінде көрінеді. «Уәде» өлеңінде рух пен тәннің күресі, адам нәпсісі мен рухани жауапкершілік арасындағы тартыс бейнеленіп, уәдеде тұру – адам болмысының ең биік өлшемі ретінде ұсынылады. Ақын үшін де ең үлкен уәде – сөзіне адал болу. «Жанайқай» өлеңінде ол ата-баба аманатына жауапкершілікпен қарау керектігін айтады. Ақын ел ішіндегі келеңсіздіктерге, имандылық пен адамгершіліктің әлсіреуіне алаңдайды:

Кел, ендеше кеңесіп, төсеп бірге сорға иық,
Ата-баба қалдырған аманатты қорғайық.
Сөйтер, сірә, білген ел обал менен сауапты,
Анасы үшін әр пенде Алла алдында жауапты [7, 85], – дейді.

М.Ақдәулетұлы Б.Бабажанұлын қазақ өлеңіне өзіндік үнімен келген ақын ретінде бағалайды [8, 5]. «Желтоқсан» өлеңінде ақын Желтоқсан оқиғасын ұлттық ар-намыстың сын сәті ретінде қабылдайды. Ақтүтек боран – әділетсіз күштің символы іспетті.

Б.Бабажанұлы поэзиясында ақындық – жай кәсіп емес, елге қызмет ету, ұлт тағдырына ортақтасу миссиясы. Ол өлең арқылы халықты рухани серпілтуге, кемшіліктерін түзетуге

шақырады. Бұқар, Дулат, Махамбет, Абай, Мағжан сияқты ұлы дәстүрді жалғастыру – оның басты мұраты.

Ә.Балқыбектің поэзиясында көк түркілік сана, соның ішінде көк бөрі образы ерекше көрініс табады. Көк бөрі образы – тәуелсіздік кезеңінде ұлттық дүниетанымды қайта жаңғырту, тамыры терең түркілік рухты серпілту талпынысының көрінісі. Ақын өз жырларында көк бөріні ежелгі тотемдік символ ретінде емес, еркіндіктің, қайсар мінездің көркем бейнесі ретінде қолданады.

Жұтаңдауым, демен бірақ жарлымын,
Баба ырымы, әлегі емес жарғының.
Қызыл тілді сөзге иілету үшін де,
Итаяқтан суды да ішкен бар күнім [9, 11], – деп ақын өзінің жайын білдіреді.
«Біздің кезең» өлеңіндегі шарасыздық, жарыққа ұмтылған рухани ізденіс – сол уақыттың шындығын бейнелейді.

Құр ауаға қалды асылып қанша әнім,
Жер бетінде сенделем бе әлі көп.
Мен жарықты күте-күте шаршадым,
Ендігі өмір түс сияқты мәні жоқ [9, 122], – деу арқылы посткеңестік кезеңді суреттейді.
Уақытымды күте-күте бітті әлім,
Маңай тұман, жұлдыз біткен адасты.
Кім біледі кімдер не істеп жатқанын,
Кімдер қалай жұбатарын алашты? [9, 122] – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақтың жайына алаңдап, Алаш ұрпағының нендей күй кешерін уайым етеді.

Қазақ әдебиетіндегі қасқыр образының тамыры тереңде жатқаны мәлім. Алайда Ә.Балқыбек қасқыр образды жаңаша өң беріп, тәуелсіздік рухымен ағастырады. Осы арқылы ол ұлттық мінездің еркіндікке, биік рухқа ұмтылу екендігін көркем түрде паш етеді.

М.Райымбекұлы поэзиясы да ұлттық болмыстың сан қырлы сипатын, еркіндік идеясының поэтикалық бейнесін айқын танытады. «Асау» өлеңінде еркіндікті аңсаған жүрек лүпілі арқылы қазақ халқының тарпаң мінезі көрініс табады. Асаулық – ұлттың тектілігі мен азат рухының метафорасы. Мәселен:

Еркіндік – арман, мұраты
Асауды көрсем кейде мен.
Еске сап Сізді тұрады
Бағзы бір асқақ бейнемен [10, 6], – деу арқылы халықтың асқақ әрі асау бейнесін танытады.

«Адасқақ» өлеңіндегі Жайыққа деген сағыныш – тарихи жадпен сабақтас жүрек сырын аңғартады. Ақын өзін Қазтуғанмен үндестіре отырып, Жайықты киелі кеңістік, елдік мұраттың символы ретінде көтереді. Бұның негізінде отаршылдық пен тәуелсіздік тарихының тұтасуын көркем түрде таныту. Осылайша ақын:

Өзегін өртеген ер аз тумаған,
Ақ моншақ толқынында саз тулаған.
Жайығым – жаһаңдағы жалғызым-ай,
Қай жерім артық менің Қазтуғаннан [10, 13], – деп Жайықты киелі кеңістікке теңейді.
«Сұңқардың соры» өлеңінде Бауыржан Момышұлы тұлғасы арқылы ел ішіндегі мінезсіздік, жалтақтық сыналады. Ақын үшін ұлттық мінез – батылдық, әділет жолында тайсалмау. «Кентавр» образы да осы рухани тұтастықты, адам мен тұлпардың, яғни еркіндік пен ерліктің қосылуын білдіреді. Өлеңде:

Тамырынан таратылып текті сөз,
Ал, арманшыл асыл халқым, кекті көз.
Көк байрақты қыран текті қазаққа,
Күн астында қанат жаяр жетті кез [11, 11], – деп халық болмысын айқындай түседі.
Тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық рух тақырыбын биік деңгейде көтерген ақындардың бірі – Темірхан Медетбек. Оның «Бостандыққа жол», «Біз кім едік», «Сарыарқа» секілді

өлеңдері арқылы көк түркілік рухтың, азаттық аңсарының көркем тынысы айқын сезіледі. Ақын халықтың тарихи қасіретін, бодандықтағы күйін айта отырып, тәуелсіздікке жеткен күннің мәнін ерекше қуанышпен жырлайды.

«Бостандыққа жол» өлеңінде:

Асу-асу тауларда
Темір аяқ алдым.
Темір етік кидім.
Аязға тоңдым.
Аптапқа күйдім.
Жеті басты
Жалмауызға жолықтым.

Құлдай қиналдым,
Күндей торықтым.
От дариясын кештім.
Шыңдардың үстімен

Бұлт боп көштім [12, 87], – деп ертегілік сарынмен халық басынан не өткенін фольклорлық мотивтерді тиімді қолдану арқылы жеткізеді. «Біз кім едік» өлеңінде:

Желдей аңғылдап,
Сұңқардай саңқылдап сөйлейтін,
Даладай кең,
Таудай биік халық едік.

Алып едік [12, 100], – деп халықтың қуатты кезін еске алады.

Осылайша, Ә.Балқыбек пен М.Райымбекұлының поэзиясында ұлттық мінез – еркіндікке ұмтылған өр рух, тарпаң тектілік, тарихи жадқа адалдық, елдік мұратқа беріктік түрінде көрініс табады. Аталған қасиеттер Т.Медетбек жырларындағы көк түркілік сарындас дүниетаныммен сабақтасып, тәуелсіздік дәуірі поэзиясының рухани жүгін айқындайды.

Нәтижелер. Қазақ поэзиясының негізгі арнасы саналатын қазақ поэзиясы ұлттық сипат пен көркемдік ойлау ерекшеліктерін танытатын ұлттық құндылықтар жүйесін құрайды [13, 191]. Осылайша қазақ поэзиясындағы ұлттық құндылықтар ұлттық поэтикалық ойлаудың көрінісі. Зерттеу барысында тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық мінез поэтикасы Е.Раушанов, Т.Медетбек, Ә.Балқыбек, М.Райымбекұлы, Б.Бабажанұлы шығармалары негізінде қарастырылды. Ақындар шығармашылығын ұлттық мінез көрінісіне байланысты талдау нәтижесін 1-кестеде ұсынамыз.

Кесте 1 – Қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көріністері

Шығармашылығы	Ұлттық мінез көрінісі	Негізгі идеясы
Е.Раушанов	Күрескерлік рух	Ұлттық танымдағы киелі ұғымдар еркіндік, бостандық символы
Т.Медетбек	Көк түркілік рух	Мифопоэтикалық, эпикалық арналар арқылы ұлттық мінез суреттеледі
Ә.Балқыбек	Көк бөрі символикасы	Көк бөрі образы – еркіндіктің көркемдік-поэтикалық деңгейде түсіндіру тәсілі
М.Райымбекұлы	Асаулық, батырлық	Ұлттық мінез – асаулық, езгіге көнбейтін «тарпаң» мінез
Б.Бабажанұлы	Сөзге адалдық	Ел аманатына беріктік, жауапкершілік – ұлттық мінез көрінісі

Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез – салт пен дәстүрдің, әдет пен ғұрыптың көріністері, сонымен бірге тарихи оқиғалар жайлы естеліктердің жаңа заман тұрғысында сарапталуын көрсететін динамикалық процесс [14, 1501]. Осыған сәйкес авторлар поэзиясында ұлттық мінез ұлттың еркіндікке ұмтылған тектілік, тарихи жадқа

адалдық тәрізді көркемдік біртұтастыққа ие. Зерттеу материалы негізінде алынған авторлар туындыларындағы ортақтық – еркіндік, тарих пен бүгінгі күнді тоғыстыру. Айырмашылықтары поэтикалық стиль мен символикада көрініс табады.

Қорытынды. Мақалада тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясында ұлттық мінездің көркемдік тұрғыда Е.Раушанов, Т.Медетбек, Ә.Балқыбек, М.Райымбекұлы, Б.Бабажанұлы шығармашылығы негізінде талданды. Зерттеу нәтижесінде ұлттық мінез тарихи-мәдени әрі терең философиялық мәнге ие күрделі категория екені анықталды. Таңдап алынған ақындар шығармашылығындағы ортақ белгілер – ұлттық мінезді еркіндік, тектілік, намыс, уәде мен сертке беріктік сынды қасиеттермен байланыстыра жырлануы. Өз кезегінде аталған қасиеттер көк түркілік рух, тарихи жад, фольклорлық санамен тығыз байланысты берілген.

Есенғали Раушанов поэзиясында қазақы дүниетанымның өзекті ұғымдары терең тарихи контекспен шебер ұштасып жатады. Ақын жырларында өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастық үзілмей, ұлттық жад көркем бейнелер арқылы жаңғырады. Осы арқылы ұлттық мінездің тамыры тереңде жатқанын, оның уақытпен бірге өзгерсе де, өзегін жоғалтпайтынын көрсетеді. Ал, Т.Медетбек шығармаларында ұлттық мінез эпикалық әрі мифопоэтикалық сипатта көрініс табады. Оның поэзиясында кеңістік ұғымы ерекше мәнге ие: дала, аспан, жаратылыс элементтері тек фон емес, ұлттық болмыстың символдық көрінісіне айналады. Ақын ұлттық мінезді мифтік сана, архетиптік бейнелер арқылы аша отырып, оны жалпыадамзаттық деңгейге көтереді. Мұнда қазақтың болмысы тек тарихи емес, космостық, мәңгілік кеңістікте қарастырылады.

Ә.Балқыбек туындыларында «көк бөрі» символы айрықша мәнге ие. Бұл бейне арқылы ақын тектілік, еркіндік, рухани тәуелсіздік идеяларын терең поэтикалық деңгейде бейнелейді. Көк бөрі – тек мифологиялық кейіпкер ғана емес, ұлттық рухтың, генетикалық жадтың көрінісі ретінде көрінеді. Осы символ арқылы автор қазақ халқының ішкі қуатын, азаттыққа ұмтылысын және рухани беріктігін айшықтайды.

М.Райымбекұлы өлеңдерінде асаулық пен тарпаңдық ұлттық мінездің метафорасына айналған. Оның поэзиясындағы образдар динамикалық, қуатты, еркіндікке ұмтылған сипатта келеді. Бұл қасиеттер қазақтың көшпелі болмысымен, табиғатпен етене байланысымен астасып жатады. Ақын ұлттық мінезді жуас немесе статикалық күйде емес, қозғалыстағы, күрес үстіндегі, өміршен құбылыс ретінде көрсетеді.

Ал, Б.Бабажанұлы шығармаларында ұлттық мінез моральдық-этикалық категориялар арқылы ашылады. Сөзге адалдық, аманатқа беріктік, жауапкершілік секілді қасиеттер ұлттық болмыстың негізгі өзегі ретінде танылады. Бұл жерде ұлттық мінез сыртқы сипаттардан гөрі ішкі рухани тәртіп, адамгершілік ұстанымдар арқылы көрініс табады. Осылайша, аталған ақындардың шығармаларында ұлттық мінез ұғымы тек мінез-құлық ерекшелігі ретінде ғана емес, тарихи жадпен, ұлттық санамен, мәдени кодпен тығыз байланыста қарастырылады. Олар әрқайсысы өз поэтикалық әлемінде ұлттық болмыстың түрлі қырларын ашып, оны жаңа көркемдік деңгейде бейнелейді.

Байқап отырғанымыздай, Е.Раушанов поэзиясында қазақы дүниетанымдағы маңызды ұғымдарды тарихилықпен терең ұштастыра білсе, Т.Медетбек ұлттық мінез эпикалық, яки мифопоэтикалық кеңістікте көрініс табады. Ә.Балқыбек туындыларында көк бөрі символы негізінде тектілік, еркіндік идеясы терең поэтикалық сипатқа ие. М.Райымбекұлы өлеңдерінде асаулық, тарпаңдық ұлттық мінездің метафорасына айналады. Б.Бабажанұлы шығармаларында ұлттық мінез сөзге адалдық, аманатқа жауапкершілік сипатында беріледі. Осылайша ұлттық мінез ұғымы ақындар шығармаларында тарихи жад, ұлттық сана түсініктерімен байланыста қарастырылады. Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық болмыс пен рухтың қайта жаңғыруы қазақ поэзиясының дамуына елеулі қосқанын көреміз. Қорытындылай келе, «алтынкөпірліктер» деп аталатын әдеби топ мүшелері тәуелсіздік дәуірі әдебиетіндегі ұлттық рухты жаңа көркемдік деңгейде танытып, қазақ поэзиясында ұлттық мінез поэтикасын суреттеудің маңызды белесін қалыптастырғанын айқындаймыз.

Әдебиеттер

1. Бегменова Б.С. Қазіргі қазақ лирикасындағы ұлттық құндылықтар көрінісі // Ясауи университетінің хабаршысы. - №1. – 2025. – Б. 125-135 <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>
2. Қамзабекұлы Д. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна, 2013. – 192 б.
3. ХХІ ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі. – Алматы: Service Press, 2024. – 296 б.
4. Әскербекқызы Ж. Даңғыл: Ғылыми көпшілік басылым. – Алматы: Арыс, 2007. – 192 б.
5. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.
6. Айтмұхамбет Ж.Ә. Есенғали Раушановтың «1932 жыл. Қазақстан» өлеңінде аштық зұлматының бейнеленуі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №3. – 2025. – Б. 117-125. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.09>
7. Бабажанұлы Б. Уәде. Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 2006. – 136 б.
8. Бабажанұлы Б. Ниетқабыл: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Алатау, 2014. – 287 б.
9. Балқыбек Ә. Ақын апологиясы: Тарихи эсселер, әдеби мақалалар, аудармалар. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 400 б.
10. Райымбекұлы М. Асау: Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 176 б.
11. Маралтай. Тарпаң: Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 286 б.
12. Медетбек Т. Үш томдық таңдамалы. Т.2. – Көк түріктер сарыны. – Алматы: Абди Компани, 2011. – 654 б.
13. Карбозов Е.К., Мамежанова Ә.Е. 1960-1980 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №4. – 2023. – Б. 190-206. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>
14. Sabirova D., Abisheva S., Moldagali M., Khavaidarova M., Polyak D. Methodology for Studying National Coloristics in Modern Poetry: A Case Study of Contemporary Literature in Kazakhstan // Journal of Posthumanism. – Vol. 5, No. 7. – 2025. – P. 1496-15117 DOI: <https://doi.org/10.63332/joph.v5i7.2939>.

А.Б. АБДУЛЛИНА

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан

О.К. СУЛТАНГАЛИЕВА

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан

Ж.А СЕЙСЕМБАЕВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ПОЭТИКА И СИМВОЛИКА НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. Статья посвящена анализу художественного воплощения национального характера в современной казахской поэзии. Казахская поэзия периода независимости отличается широтой тематических направлений и обилием новых художественных требований. Цель исследования — проанализировать поэтику и символику национального характера в современной казахской поэзии. Для достижения этой цели были проанализированы произведения видных представителей современной казахской поэзии, систематизирована их система символов. В ходе исследования темы исторической памяти, национального самосознания и идеи государственности рассматривались как феномены, определяющие эстетическую и художественную природу национального характера в поэзии.

Национальный характер в современной казахской поэзии — это проявление не только событий, сохранившихся в исторической памяти, но и исконного стремления народа к свободе на протяжении веков. В статье используются методы интерпретационного и структурного анализа для выявления черт национального характера в современной казахской

поэзии. Специальное рассмотрение темы характера в национальной поэзии позволяет систематизировать символические и поэтические категории, а также определить тенденции развития современной казахской прозы. В соответствии с этим, национальный характер в современной казахской поэзии рассматривается в системе тем исторической памяти, свободы и государственности.

Значимость исследования заключается в выявлении связи национального характера с историзмом в современной казахской поэзии и его переосмыслении в постсоветскую эпоху. Результаты исследования позволяют проанализировать проявления национального характера в современной казахской поэзии как феномен, а также осмыслить их художественные и эстетические аспекты в контексте современной казахской литературы.

Ключевые слова: национальный характер, поэтика, символика, лирика, историческая память, современная казахская поэзия.

A.B. ABDULLINA,

K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

O.K. SULTANGALIYEVA

Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan

ZH.A. SEISEMBAYEVA

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

POETICS AND SYMBOLISM OF NATIONAL CHARACTER IN MODERN KAZAKH POETRY

Annotation. The article is devoted to the analysis of the artistic representation of national character in modern Kazakh poetry. Kazakh poetry of the independence period is distinguished by its broad thematic range and a wealth of new artistic requirements. The purpose of the study is to analyze the poetics and symbolism of national character in modern Kazakh poetry. To achieve this goal, the works of prominent representatives of modern Kazakh poetry were analyzed, and their system of symbols was categorized. During the study, the themes of historical memory, national identity, and the idea of nationhood were considered as phenomena that define the aesthetic and artistic nature of national character in poetry.

National character in contemporary Kazakh poetry is a reflection of not only the events preserved in historical memory but also the people's centuries-old pursuit of freedom. The article employs interpretative and structural analysis methods to identify manifestations of national character in modern Kazakh poetry. A specialized examination of the theme of character in national poetry systematizes symbolic and poetic categories and defines the development trends of contemporary Kazakh prose. Accordingly, the national character in contemporary Kazakh poetry is analyzed within the framework of historical memory, freedom, and national identity.

The significance of the research lies in identifying the connection between national character and historicity in modern Kazakh poetry and its re-evaluation in the post-Soviet era. The results of the study enable the analysis of the manifestations of national character in modern Kazakh poetry as a phenomenon, and allow for its understanding from artistic and aesthetic perspectives within contemporary Kazakh literature.

Keywords: National character, poetics, symbolism, lyrics, historical memory, modern Kazakh poetry.

References

1. Begmenova B.S. Qazırgı qazaq lirikasyndaǵy ultiq qundylyqtar kórinisi // Iasauı universitetiniń habarshysy. - №1. – 2025. – B. 125-135 <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>
2. Qamzabekuly D. Ulttyq әдебиет және дәстүрлі мәтіндік. – Almaty: Arna, 2013. – 192 b.
3. HHI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі. – Almaty: Service Press, 2024. – 296 b.

4. Äskerbekqyzy J. Daңğyl: Čylymi köpşilik basylym. – Almaty: Arys, 2007. – 192 b.
5. Rauşanov E. Bozañğa bitken boz jusan: Öleñder men poemalar. – Almaty: Raritet, 2006. – 384 b.
6. Aitmühambet J.Ä. Esenğali Rauşanovtyñ «1932 jyl. Qazaqstan» öleñinde aştıyq zülmatynyñ beinelenui // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. №3. – 2025. – B. 117-125. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.09>
7. Babajanuly B. Uäde. Öleñder men poema. – Almaty: Jazuşy, 2006. – 136 b.
8. Babajanuly B. Nietqabył: Öleñder, baladalar, poemalar. – Almaty: Alatau, 2014. – 287 b.
9. Balqybek Ä. Aqyn apologies: Tarihi eseler, ädebi maqalalar, audarmalar. – Almaty: Dästür, 2015. – 400 b.
10. Raiymbekuly M. Asau: Öleñder. – Almaty: Atamūra, 2014. – 176 b.
11. Maraltai. Tarpañ: Öleñder. – Almaty: Hantäñiri, 2014. – 286 b.
12. Medetbek T. Üş tomdyq tañdamaly. T.2. – Kök türıkter saryny. – Almaty: Abdi Kompani, 2011. – 654 b.
13. Karbozov E.K., Mamejanova Ä.E. 1960-1980 jyldardağy qazaq poeziasyndağy ülttyq dünietanym jäne salt-dästür // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – №4. – 2023. – B. 190-206. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>
14. Sabirova D., Abisheva S., Moldagali M., Khavaidarova M., Polyak D. Methodology for Studying National Coloristics in Modern Poetry: A Case Study of Contemporary Literature in Kazakhstan // Journal of Posthumanism. – Vol. 5, No. 7. – 2025. – P. 1496-15117 DOI: <https://doi.org/10.63332/joph.v5i7.2939>

Авторлар туралы мәлімет:

Абдуллина Анар Борановна – философия докторы (PhD), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқытушысы, Ақтөбе, Қазақстан.

Абдуллина Анар Борановна – доктор философии (PhD), преподаватель Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан.

Abdullina Anar Boranovna – Doctor of Philosophy (PhD), Lecturer of K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызы – философия докторы (PhD), Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Султангалиева Ольга Кашымкызы – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Sultangaliyeva Olga Kashymkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Сейсембаева Жанар Айтбергенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сейсембаева Жанар Айтбергеновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Seisembayeva Zhanar Aitbergenovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.